



Ақмешіт

18 қараша
сейсенбі
№88 (2200)
2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САПАЛЫ ЖОЛ – ҚАЛА БЕДЕЛІ

Сонғы жылдары көлік көбейіп, қала қозғалысы жандана түсті. Жол түзелсе жолаушының көңілі түзеледі, қаланың кейбір аймақтары асфальт жолдарды қажет етеді. Шаһар көшелері қазір өзгеріс пен жаңаруды талап етіп тұрғаны белгілі. Шет аймақты аралаған қала басшысы Нұржан Сәбитұлы халық көп жүретін жол ахуалымен танысты.



Аймақ басшысы жол инфрақұрылымының сапасы мен дамуын ерекше назарда ұстап отыр. Халықтың күнделікті қауіпсіз қозғалысы шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді. Қоғамдық көліктің кедергісіз қатынасуы, жедел жәрдем мен өрт сөндіру қызметтерінің уақытылы жетуі, кәсіпкерлік нысандарының жұмыс тиімділігі артуына жол сапасы әсер ететіні анық.

Қаладағы жолдарды жөндеу және күтіп-ұстау бағытындағы қарқынды жұмыстардың сапасын бақылап, бірқатар нысандарды аралаған Нұржан Ахатов биыл негізгі және қосалқы көшелерді кезек-кезеңімен жаңарту жоспарланғанын жеткізді.

– Маңызды жобалар тұрғындардың ұсыныстары мен қажеттіліктері ескеріле отырып жүзеге асуда. Әсіресе, шет аймақтар мен көпқабатты тұрғын үйлер ауласындағы жолдардың жақсаруы халықтың

өмір сүру сапасын арттырып, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам, – дейді шаһар басшысы.

Аталған нысандардың бірі – шет аймақта орналасқан Нұрмағамбетов көшесі. КБІ шағын ауданындағы бұл көшемен қоғамдық көліктердің де қозғалысы жиі болғандықтан жөндеу жұмысы маңызды. Көшенің беткі қабатты алынып, орнына жаңа асфальт жабындысы төселуде. Сонымен бірге «Мерей» шағын ауданындағы аулаішілік жолдардың жөндеу жұмыстарымен танысты. 3-ші ірілендірілген кварталда болып, ширақ шаруаның жайын көрді.

Нысандарды аралау барысында Нұржан Сәбитұлы мердігер мекеме басшысына жұмыстарды сапалы атқарып, оны уақытылы аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар жауапты сала жетекшілеріне қала ішіндегі әрбір жолды жіті зерделеп, анықталған кемшіліктерді жөндеу жоспарына енгізуді жүктеді.

«Ақмешіт-ақпарат»



Марат СҮГІРБАЙ,
мәдениет саласының үздігі:

Орындаушы да,
тыңдаушы да ұдайы
ізденіс үстінде
болуы керек

– Бұрынғы жыршы-жыраулардың дауысын таспаға түсіру мүмкін болмаған кезеңдер болғаны рас. Талай тума таланттардың дауысы сақталмай өкінген сәттеріміз болғаны жасырын емес. Ал қазір сол олқылықтың орны толды ма?

– Қазір технология қарыштап дамыған уақытта өмір сүріп жатырмыз. Ескі ұнтаспа, бейнетаспа, сурет сияқты үні мен өңі кете бастаған құнды жәдігерді жаңартып, жаңғыртудың жолы көп. Осыдан бір жыл бұрын аймақта «Жыраулар үйі» ашылды. Көптен бері көкейде жүрген жұмыс еді. Осы саладағы аға буын ұстаздарымыз бұл мәселені жиі көтеріп жүр еді. Облыс әкімінің қолдауымен бұл игілікке қол жеткіздік. Жыраулар үйі жоспарлы түрде жұмыс істеуде. Дыбыс жазу студиясы ашылып, ескі дыбысты сандық жүйеге ауыстырып жатыр. Бұл – үлкен жетістік. Сонымен қатар қазіргі кездегі жыршы-термешілердің де жыр қоры жинақталып, жүйелі жұмыс жолға қойылуда. Сіз айтты отырған олқылықтың орны толды деуге болады.

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Бұл жолғы бағытымыз – Қызылөзек ауылы. Мақсатымыз мемлекеттік бағдарламалар игілігімен көркейіп жатқан ауылдың өткен шағы мен жаңарған келбетін көзбен көріп, көңілге түйе, ауыл бейнесін оқырманға жеткізу, ауылда жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарламаның аяқ алысын бағамдау, ауылдық округтің шежірелі тарихын елге жеткізіп, бүгінгі тыныс-тіршілігінен сыр шерту.



СҰХБАТ

Мансұр МАМАДАХУНОВ, Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты оқушысы:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИДЕН ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ



Қазіргі таңда елімізде бағдарламалау мен информатика саласында жарқырап келе жатқан жас дарындар көбейіп келеді. Халықаралық олимпиадаларда жүлде алып, ел мерейін үстем етіп жүрген бұл оқушылар еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетінің нақты көрсеткіші. Солардың алдыңғы қатарында жүрген жас өрендердің бірі – информатикадан әлемдік деңгейде көрініп жүрген Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 «Білім-инновация» лицейі оқушысы Мансұр Мамадахунов. Мансұр бірнеше жыл қатарынан республикалық және халықаралық білім додаларында тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетіп келеді. ЕJOI олимпиадасында 2022 жылы күміс, 2023 және 2024 жылдары алтын медаль иеленді. Жаутиков олимпиадасында 2023 және 2024 жылдары қатарынан екі рет абсолютті жеңімпаз атанып, APIO, Tuymaada, Еуразия олимпиадалары сияқты беделді жарыстарда 1-орынға ие болды. 2025 жылы ол информатика саласындағы ең беделді жарыстардың бірі – IOI 2025 (Боливия) халықаралық олимпиадасына қатысып, күміс медаль жеңіп алды. Сонымен қатар жақында Тәжікстанның Душанбе қаласында өткен Омар Хайям атындағы математика және информатика бойынша KhIMO-2025 халықаралық олимпиадасында да Мансұр тағы бір тарихи жетістікке қол жеткізді. Қазақстан құрамасы толық құрамда жүлделі орындарға ие болып, соның ішінде Қызылорда облысындағы С.Шаухаманов атындағы «Білім-инновация» лицейінің оқушысы Мансұр Мамадахунов информатика пәнінен алтын медаль жеңіп алып, ел абыройын тағы бір мәрте асқаттатты. Білімді жас Мансұр Мамадахуновпен сұхбаттастық.

– Мансұр, ең алдымен халықаралық деңгейдегі зор жетістіктеріңізбен құттықтаймыз. Жақында Президенттің қолынан марапат алдыңыз. Сол сәтте қандай сезімде болдыңыз?
– Мен үшін бұл өте қуанышты, ұмытылмас оқиға болды. Мемлекет басшысының қолынан марапат алу – үлкен мәртебе.
– Информатика көкжиегі кең сала. Жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, деректер талдауы, алгоритмдер және тағы басқа бағыттар бар. Қай салаға жақынысыз?
– Қазір мен қатысып жүрген олимпиадалар көбіне алгоритмдік бағытқа жақын. Есептердің басым бөлігі деректер құрылымдары мен күрделі алгоритмдерге негізделеді, математика да өте көп. Бірақ мені жасанды интеллект саласы қатты қызықтырады. Болашақта дәл сол бағытта тереңірек ізденгім келеді. Олимпиадалық алгоритмдер логиканы, ойлауды, абстракцияны дамытады, ал жасанды интеллект бұл дағдыларды нақты өмірдегі жобаларда қолдануға мүмкіндік береді.
– Халықаралық олимпиадаларда, мысалы IOI немесе KhIMO сияқты жарыстарда тапсырмалар қаншалықты қиын?
– Шынын айтсам, өте қиын. Жарыста екі турдан тұратын формат жиі қолданылады. Әр турда үш есеп беріледі, әр турға бес сағаттан уақыт бөлінеді. Яғни бір жарыстың өзінде 10 сағат бойы бар зейінді есеп шығаруға жұмсайсың. Есептер жай ғана формула қойып шығаратын типтік тапсырмалар емес, әрқайсысы жана идея, жаңалық сияқты. Бір есепке бір сағат уақыт кететін кездер болады.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

3-БЕТТЕ



Кәсібімен көркейген ҚЫЗЫЛӨЗЕК

«Қараөзек» кеңшары 1962 жылы Қаракөл қой совхозы болып құрылған. Ауылдың мал шаруашылығын дамытуда жеткен жетістігі үшін «Социалистік Еңбек Ері» атағын, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталғандар саны көп болды. Кеңшарда 1956 жылы орталық көше, тұрғын үйлер салынды. 1953 жылы колхоздан 10 жылдық мектеп ашылды. 1956 жылы балабақша, кенсе, 1959 жылы орта мектеп, ауылдық клуб ғимараты салынды. 1962-1963 жылдары электр желілері жүргізіліп, ауылға кіреберіс жол мен орталық көше асфальтталды. 1978-1979 жылдары орталық монша, мал бордақылау алаңы мен 2 қабатты сауда орталығының құрылысы жүрді. 1985 жылы Жеңістің 40 жылдығына қан майданда қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш орнатылды. 1976-1977 жылдары канал қазылып, автомобиль көпірі салынды. 1973 жылы «Байзақ» каналы қазылып, кеңшарға Қараөзек дариясынан су жеткізілсе, 1985 жылы «Кілем жайған» каналы қазылып, «Шегіртке» шабындығына су жеткізілді. 1977-1978 жылдары «Көксу» коллекторы қазылды. 1985 жылы бас тоған ғимараты салынды.

ЖАҢАРҒАН АУЫЛ КЕЛБЕТІ

Тарихы терең, еңбегі ерен елді мекен бүгінде өзгеріп, кемеліне келген. Ауылдық округтегі тіршіліктің негізгі бағыты – жеке кәсіпкерлік, егін және мал шаруашылығы өнімін өндіру. Жалпы құны 452 млн 114 мың теңгеге, ұзындығы 3,2 шақырым 3 көшені жөндеуге 2024 жылы 134 млн теңге қаралса, биыл құрылысты жалғастыруға Ұлттық қордан 91,5 млн теңге, қалалық бюджеттен 18,4 млн теңге қаралып, Мұхамбетияр Жабағұлы тұйығы пайдалануға берілді.

А.Құнанбаев және Қараөзек бекеті-4 көшелерінің құрылысын жалғастыруға қажет қаражат алдағы уақытта республикалық бюджеттен бөлінбек. Ал «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде облыстық бюджеттен қаралған қаражатқа ұзындығы 3 шақырымдық Д.Сариев және Ж.Жабаев көшесі күрделі жөндеуден өтті.

Сондай-ақ қалалық бюджеттен қаралған 85 млн теңгеге ұзындығы 0,62 шақырымдық құрайтын Айнакөл-1 көшесіне асфальт салынып, М.Жабағұлы көшесіне облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, жөндеуде.

Самаладай жарық көшелер елді мекенге жаңаша сипат берді. Ауыл тұрғындарының өзекті мәселесінің бірі де осы. Тұрғындар сұранысы ескеріліп, 3 елді мекендегі электр желілері қайта жаңғыртылуда. Қазіргі таңда 3 елді мекенге 1 дана КТПН, 624 дана темір бетон бағана орнатылып, 63 шақырым ВЛ-10 кВ заманауи СИП электр желісі жүргізілді. Жоба құны – 1 млрд 192 млн теңге. Қазіргі таңда барлығы 21 көшенің 18 көшесі түнгі жарықтандырылған. Бұл – жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігінің кепілі.

СУ – ТІРШІЛІК ӨЗЕГІ

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты 3 елді мекенді ауызсумен «Нұра» топтық су құбыры РМК «Арал» СЖКБД филиалы қамтамасыз етеді. Қызылөзек және Айнакөл елді мекенінде 2013-2014 жылдары «Ақбұлақ» бағдарламасымен ауызсу жүйесі жаңғыртылған еді. 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында жана ауызсу желісі мен қойма салынғаннан бері қызылөзектіктер судан таршылық көрген емес.

Ауылдық округ аумағы Сырдария өзені деңгейінен биік орналасуына байланысты жаз маусымында аяқсу тапшылығы туындап отырады. Қараөзек елді мекеніне аяқсу жеткізу мақсатында «ДСУ» учаскесіне электр желісі жеткізіліп, ауыл әкімі аппаратының меншігіндегі жана СНПЭ-500/10 электр насостық қондырғысы арқылы Қараөзек елді мекені аяқсумен толық қамтамасыз етілді.

Сол сияқты, Қараөзек ауылының көшелеріне аяқсу таратып отырған электр насостардың тозуына байланысты, өткен жылдың соңында қуаты 18,5 кВт болатын 1 дана үлкен және 3 кВт болатын 1 дана шағын электр насостық қондырғы сатып алынды. Алдағы уақытта көнерген насостардың орны жаңартылмақ.

Басы 1-бетте



Сондай-ақ ауыл әкімдігі меншігіндегі дизельдік насостық қондырғылар «Сырдария» және «Қараөзек» арналарына орнатылып, Айнакөл және Қараөзек бекеті елді мекендерімен қатар, тұрғындардың егістік жерлеріне аяқсу тұрақты беріліп отырғаны да шаруашылықпен айналысуына жол ашты.

КӘСІП ТҮБІ – БЕРЕКЕ

Ауылдық округте 197 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Елдің әлеуетін көтеретін де кәсіп иелері екені белгілі. Себебі кәсіпкерлер ауылды қолдау шарасына белсене қатысады. Жыл басынан жанадан 10 шағын кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 6 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылды.

«2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде жыл басынан 2 кәсіпкердің жылқы малын өсіру жобасы қолдау тауып, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы арқылы 20 млн теңге несиеге қол жеткізді.


Сонымен қатар 3 ауыл тұрғыны 4 млн 716 мың теңге қайтарымсыз грант иеленіп, өз кәсібін бастады. «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеке кәсіпкер Әсел Елешова 2 млн теңге несие алып, шұлық өндіру» жобасын жүзеге асыруда. Қазір сол қаржыға тігін мен тоқыма машинасын алып, қыз жасауы, шұлық, қолғап, сырт киім тігуде. Кәсіп иесі 3 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жалпы ауылдық округте 6 ауыл тұрғыны 26 млн 716 мың теңге қаражатқа қол жеткізіп, сүйікті ісімен айналысуда.

Осы жобамең жеке кәсіпкер Самұрат Рүстем 5 млн теңге несие алып, Қараөзек елді мекенінен нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер мен жартылай фабрикаттар шығаратын шағын цех ашып, нәтижесінде 6 тұрғын жұмыс көзін тапты. Кәсіп бастағанына көп болмаса да кәсіпкер 3 елді мекенді нан өнімімен қамтамасыз етіп отыр.

Сонымен қатар қызылөзектік Әліп Рахымжан 2018 жылы Қызылөзек ауылдық округінен «Әліп» шаруа қожалығын құрып, сиыр, қой, жылқы өсіріп, жергілікті тұрғындарға арзан бағада ет, сүт өнімдерін ұсынып отыр.

Бұған қоса кәсіпкер 2022 жылы «Биогумус» органикалық тыңайтқышын өндіру мақсатында «Сырдария-Көкшетау» несие серіктестігі арқылы 7 млн теңге жеңілдетілген несие алып, 1 МТЗ-82 тракторы мен жетегін сатып алды. Сол уақыттан бері мал шаруашылығымен қоса «Калифорниялық шылаушы» өсіріп, органикалық тыңайтқыш «Биогумус» өндірумен айналысып келеді. Бастапқы уақытта 1 шаршы метр жерден бастап, бүгінде 100 шаршы метр аумақты қамтып отыр. Өндірген өнімін ағаш өсірумен айналысатын мекемелерге, негізгі бөлігін көкініс өсіретін жеке тұрғындарға өткізуде. Қазіргі уақытта тыңайтқыштың 1 литрі 100 теңге, 1 қапшығы (50 литр) 5000 теңгеден сатылуда.

– Калифорния шылаушыны тамақты көп талғамайды. Екі шаршы метрден жылына бір тонна биогумуска дейін алуға болады. Жәшікті дайындағанда астына дренаж қызметін атқаратын құм салады. Мұнан соң 1-2 см топырақ, 3-5 см тамақ қалдықтары, қайтадан 1,2 см топырақ салады. Арасына жұмыртқа қабығының ұнтағын салу керек. Себебі құрттар қышқыл ортаны ұнатпайды. Қыста жылы жерде ұстап күн жылынған кезде бау-бақшаға жіберуге болады. Өсімдік қалдығының барлығымен қоректеніп, оны қара шіріндіге айналдырады. Шұбалшықтың өнімі биогумус кез келген егін мен бау-бақшаны жайқалтып жібереді, дикан өнімді еселеп алады. Өсіресе жылыжай егіндері мен гүлге беру өте пайдалы. Мұндай тыңайтқыш берілген жер төрт жылға дейін өзінің жоғары құнарлылығын сақтайды, – дейді кәсіп иесі.



Айта кетейік, бүгінде ауылдық округте 6 ауыл тұрғыны 26 млн 716 мың теңге қаражатқа қол жеткізіп, кәсібін жүргізуде.

ҚАЙТА ЖАНҒЫРҒАН «ҚОЖАҚ» КӨПІРІ

Қызылөзек ауылындағы «Қожак» көпірінің қайта жаңғыртылуы – ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамның бірі. Қызылөзек ауылдық округінің инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға барлығы 1 миллиард 600 миллион теңге қаржы бөлініп, ауылдың заманауи келбетін қалыптастыруға бағытталды. Тұрғындардың қауіпсіз қатынауына кедергі келтіріп келген апатты жағдайдағы «Қожак» көпірі толықтай қайта жаңғыртудан өтіп, халық игілігіне пайдалануға берілгені де ауылдағы іргелі істерді паш етіп тұр.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Марат СҮГІРБАЙ, мәдениет саласының үздігі:

Орындаушы да, тыңдаушы да ұдайы ізденіс үстінде болуы керек

– Жыраулар үйі қаншама өнер тарландары үшін құттыхана орынға айналды. Жырға сусаған көрермендермен көптеген өнегелі кездесу өтуде. Төл өнерді төрге шығарған таланттарға ел риза болар...

– Жыраулардың кәсібі тұрғыда жетіліп, кемелденуі үшін арнайы орталықтың болуы шарт еді. Мінекей, енді дәстүрлі орындаушылар кезек-кезеңімен құлашын кеңге жайып келеді. Жыраулар үйінде әдіскермен қатар ғылыми қызметкерлер де бар. Әрбір жыраудың жеке өмірбаянын жинақтап, хатқа түсіріп, олар туралы жазылған мақалаларды топтастырып, зерттеу мен ұйымдастыру жұмысын қолға алуда. Апта сайын бекітілген жоспар аясында Жыраулар үйінде мәдени-танымдық кеш жалғасын табуда. Қазіргі сәтте толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік бар.

– Көне дәуірдің тарихи жырлары мен дастандарын, хиссаларын сол кезеңнің тарихымен астастырып, көрерменнің көз алдына сол дәуірдің ерекшелігін баяндап отырарсың. Тарихтың тереңіне бойлауыңыздың сыры неде? Көп уақытыңыз кітапханада өтетін секілді...

– Жыраулық тарих саласын, әдебиетті, музыканы, аспапта ойнау шеберлігін, сахна мәдениетін, киссагерлік пен әңгімешілдікті қамтитын көкжиегі кең өнер. Жыраулықтың басқа да қоғамдық пәндермен тығыз байланыста екенін айтып келе жатырмыз. Мысалы, этнопедагогика сұрағына толыққанды жыраулық өнер жауап бере алады. Демек, бұл өнер өміршең деуге әбден болады. Оның бойында өшпейтін, өлмейтін, өзгермейтін адамгершілік құндылықтың өзегі бар. Сондықтан осы қасиетті көрерменге

Басы 1-бетте

мейлінше кеңінен түсіндіруге тырысамыз. Әр іс-шараның алдында тыңғылықты дайындатыным рас. Себебі саналы түрде тандап, тәуекел еткен мамандығым. Бұл өнердің қазіргі кезеңде басқа да проблемасын жақсы біле тұра бел шеше кірістім. Сол себепті де шамам келгенше ізденемін. Жастардың жүрегінен жол тауып кетуіміз керек. Себебі өнердің келешегі тыңдармандарына да байланысты. Орындаушы да, тыңдаушы да ұдайы ізденіс үстінде болуы керек деп ойлаймын.

– Қобыз сарыныммен тіпті арқаланып кетесіз. Жалпы бұл қасиетті өнер сізге қайдан дарыған? Өнер өлкесіндегі өреу жолдарың туралы айта кетсеңіз...

– Қобыз – бағзы заманнан келе жатқан музыкалық аспап. Университет қабырғасында жүргенімде ұстазым Мақсат Мұхамеджаннан үйрендім. Содан бері қолымнан тастамай келемін.



Сөз өнеріне үйірсектеуіміз мектептегі ұстаздарымыздың еңбегі деп білемін. Ұстаздарым Ғалия Пірәлиева, ақын Ғалия Орынбасарова «Бес ғасыр жырлайдыны» талдағанда шемішкедей шағатын еді. Ондағы теңеуді, тарихи оқиғаны тебірене тыңдаушы едік. Ұстаз қадірлей білгенге келешек өмірімізді нұрландыратын қасиетті тұлға ғой. Жалпы, өнер тұрғысында айтар болсам, қазақы тәрбиедегі отбасында туғандығымының әсері болар деп ойлаймын.

– Кезінде өзіңді айтыс додасынан да көріп қалдың. Сонғы кезде

бірінғай жыраулық өнерді тандадың ба?

– Иә, айтыс өнерінде де аласым да, таласым да бар. Әуелде сөзімнің басында келтіргенімдей жыршылық дәстүрді тандадым. Алдағы уақытта осы өнерді өсіріп, өрістеткім келеді. Өнерді өсіру керек дегеннен басқа әзірге айтарым жоқ.

– Жүйрікті топқа салсаң шабытты ашылады ғой. Талай жүлдені қанжығаңа байлап Сыр елінің мәртебесін көтергеніңнен хабардармыз. Десе де жеткен жетістіктерің туралы да айта кетсең...

– Барлық сайысымның өз орны, өз белесі, өз биігі бар. Себебі барлығына да жанымды салып дайындалдым. Әлі де аянбай келемін. Үзбей еңбектенген соң жеткен жеңістің барлығы ыстық көрінеді. Әлі де дайындалу керек. Осы уақытқа дейін бір ғана дүниеге іштей көңілім толады. Ол – тарих ғылымының магистрі атанғаным. Екі жыл бойы Алматы, Ақтау, Қызылорда қалаларының кітапханасында ымырт түскенше отырған сәтімді ғылым жолындағы сәулелі сәт деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ХАЛЫҚ СӨЗІ – БАСТЫ БАҒДАР



Сөзі тыңдалған жұрт дамуға бір қадам бастайтын елдің көрінісіндей. Ел мәселесін кабинетте отырып емес көзбе-көз жүзесін халықты тыңдай отырып шешу жетістікке бастайтын жол іспеттес. Осыған орай қала басшысының елмен кездесу өткізуі жүйелі түрде өткізіліп отырады.

Тұрғындардың талап-тілектерін тыңдап, олардың шешілуіне ықпал ету мақсатында шаһар басшысы Нұржан Ахатов «Amanat» партиясының қалалық филиалында азаматтарды жеке қабылдады.

Қабылдауға келгендердің басым көпшілігі жұмыспен қамту, әлеуметтік жәрдемақы

алу, атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудың тәртібі туралы сұраса, енді бірі баспанаман қамту, жол, газ, жарық, кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мәселелерін айтты.

Қала әкімі Нұржан Сәбитұлы қабылдауға келген азаматтарды тыңдап, барлық мәселе мамандардың жіті тексеруінен өтетінін, әрі қарай заңды негізге алып шешім қабылданатындығын жеткізді.

Ашықтық пен жариялылық жұмыс тиімділігін арттырады десек, алдағы уақытта тұрғындардың уәждері бойынша мәселелер зерделеніп, салалар бойынша тиісті шаралар жүзеге асырылатын болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Жоба	Проект
Жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 582-бабының 1-тармағына сәйкес, Қызылорда қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде Қызылорда қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 577 және 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 35 (отыз бес) пайыз жоғарылатылсын. 2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыса енгізіледі және ресми жариялануға жатады.	О повышении ставок земельного налога В соответствии с пунктом 1 статьи 582 Налогового кодекса Республики Казахстан Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ: 1. Повысить ставки земельного налога по городу Кызылорда на 35 (тридцать пять) процентов от базовых ставок земельного налога, установленных статьями 577 и 578 Налогового кодекса Республики Казахстан на основании проектов (схем) зонирования земель, проводимого в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан. 2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.
Мәслихат төрағасы	Председатель маслихата

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Байқоңыр қаласының көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсы жариялайды.

Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі: конкурса қатысу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында конкурстық өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде. Құжаттар пакеті мына мекен-жай бойынша ұсынылады: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27-үй, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №27 үй, №212 бөлме.

Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының» ШЖК КМК «Байқоңыр қаласының көп бейінді ауруханасы», Байқоңыр қаласы, Комаров көшесі №8 үй, индекс: 468320, тел.: 8(3322)5-77-00, 5-77-01, e-mail: info@baikornurmed.kz

Негізгі қызметі: Байқоңыр қаласының көп бейінді ауруханасы.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімін, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінін болуын қамтиды:

- 1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша басшы лауазымда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар:
1) конкурса қатысу туралы өтініш (еркін нысанда);
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) Өмірбаян (еркін нысанда);
4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшесі берген сотталушының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурса қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынылдар) ұсына алады.

Кандидат конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің тегі, аты, есебі және мекен-жайы көрсетілуі керек. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27 үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылу тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8-7242-40-01-51, ішкі (3008), 23-53-41.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на должность члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная больница города Байқоңыр» управления здравоохранения Кызылординской области».

Срок представления конкурсных заявок: в течение тридцати календарных дней со дня размещения объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации об участии в конкурсе. Пакет документов предоставляется по адресу: город Кызылорда, улица Абая дом 27, в управление здравоохранения Кызылординской области.

Место проведения конкурса: Управление здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая дом №27, кабинет №212.

Наименование профессии, местонахождение, почтовый адрес и контактный телефон: КГП на ПХВ «Многопрофильная больница города Байқоңыр» управления здравоохранения Кызылординской области», г. Байқоңыр, ул. Комарова №8, индекс: 468320, тел.: 8(3322)5-77-00, 5-77-01, e-mail: info@baikornurmed.kz

Основная деятельность: многопрофильная больница г. Байқоңыр.

Требования к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в области здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) наличие опыта работы в области здравоохранения или по профилю организации и (или) в области экономики/финансов и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
- 2) Наличие опыта работы в области здравоохранения или на руководящей должности по профилю организации и (или) экономике/финансам и (или) бизнесу и (или) праву не менее 3 лет;
- 3) членство в общественных объединениях в области здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Документы, необходимые для участия в конкурсе:
1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
2) резюме на государственном и русском языках;
3) Автобиография (в произвольной форме);
4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;
6) копия документа, подтверждающего трудовую деятельность работника в соответствии со статьей 35 Трудового кодекса Республики Казахстан;

7) документы, выданные территориальным подразделением комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений.

Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Оригинал конкурсной заявки запечатывается кандидатом в конверт с пометкой «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, учет и адрес претендента. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Необходимые документы должны быть предоставлены в Управление здравоохранения Кызылординской области, по адресу: г. Кызылорда, пр. Абая, д. 27.

Контактные телефоны для справок: 8-7242-40-01-51, ВН. (3008), 23-53-41.

ЗЕРТТЕУ АУМАҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ДЕРАТИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ДЕЗИНСЕКЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫ

Адамзат өркениетінің даму тарихы жұқпалы аурулармен, яғни індеттермен тығыз байланысты. Әртүрлі ғасырларда таралған індеттер миллиондаған адамның өмірін қиды, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын өзгертті және медицина ғылымының дамуына түрткі болды. Қазіргі таңда бұл аурулармен күресу жолдары едәуір жетілгенімен, жаңа және ескі патогендердің қайта пайда болу қаупі сөйілген жоқ. Осыған байланысты елді мекендерде жүргізілетін дератизация және дезинсекция жұмыстары қазіргі таңда өзекті және зерттеуді қажет етеді.

Эпидемиологтардың пайымдауынша, климаттың өзгеруі, урбанизация, жаһандану және биотехнологиялардың қарқынды дамуы жұқпалы аурулардың таралуына қолайлы орта қалыптастырады. Қазіргі таңда зооноз (жануардан адамға жұғатын) аурулар саны артып келеді. Бұл өз кезегінде келесі пандемияның ықтималдығын арттырады.

Қазақстанда да обаға қарсы арнайы эпидемиологиялық бақылау жүргізіледі. «Обаға қарсы күрес станциялары» елдің әр аймағында жұмыс істейді. Бұл аурумен күресте «антибиотиктер мен алдын алу шаралары» тиімді нәтиже беріп келеді. Дегенмен, оба жұқтыру қаупі мүлде жоқ деуге болмайды, әсіресе табиғи ошақтарда аңшылықпен немесе кеміргіштермен байланыста болған адамдар үшін қауіп жоғары.

Қызылорда облысы станциясында дератизация және дезинсекция жұмыстары үздіксіз ерте көктемде және күз айларының соңында жұмыс жасалып отырады. Дератизация және дезинсекция жұмыстарын арнайы дайындықтан өткен мамандар санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай жүргізеді. Қолданылатын химиялық препараттар санитарлық ережелермен бекітілген нормаларға сәйкес таңдалып, тұрғындардың, балалардың және үй жануарларының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Елді мекендерге станция мамандары жылдық жоспарға сәйкес жылына екі рет және обаның табиғи ошағында орналасқан елді мекендерге, халық көп шоғырланған жерлерге, вахталық қыстықтарға, малшылар тұрақтарына маусымдық (көктем және күз) эпизоотологиялық зерттеу жұмыстары кезінде жабық станция жұмыстарын жүргізеді.

Елді мекендерде дератизация және дезинсекция жұмыстары қоғамдық денсаулықты қорғау мен тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елді мекендерде дератизация және дезинсекция жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуі қажет. Бұл шаралар инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуының алдын алуға бағытталған. Оба ауруының алдын алу үшін жүргізілетін шаралардың ішінде, әсіресе санитарлық-ағарту жұмыстары өте маңызды орын алады.

Халық арасында санитарлық-ағарту жұмысын жүргізген кезде оба ауруының әкелетін қауіп-қатеріне, жұғу және сақтану жолдарына аса көңіл аудару керек.

Эпидемиологиялық жағдайларға байланысты санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізген кезде мынадай мәселелерге көңіл бөлу керек: даладағы жабайы кеміргіштерден адамдарға оба ауруының жұғу қаупі: үй тышқандары жаз мезгілінде дала кеміргіштерімен қарым-қатынасы арқылы үй тышқандарында жұқпалы аурулардың болу ықтималдығы жоғары. Үй тышқандарының арасында оба індеті пайда болғанда адамдарды аурудан сақтау үшін оларды шұғыл түрде жоюға кіріседі. Ең алдымен ондай жұмыстар елді мекендердің айналасында жүргізіледі. Міндетті түрде кеміргіштердің бүргелерін және елді мекендегі тышқандар мен бүргелерді бір уақытта жою. Кеміргіштермен бүргелерді бір уақытта жою шаралы толық кепіл бола алмайды. Себебі обаның табиғи ошақтары алуан жерді алып жатыр. Обаның табиғи ошақтарында аурудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар және олардың көлемі барлық жерде бірдей емес. Ол табиғи ошақтың ерекшелігіне, жыл кезеңіне, індеттің қарқынына және оның әкелетін эпидемиологиялық қауіп қатеріне тығыз байланысты.

Дератизация – кеміргіштермен (тышқан, егеуқұйрық және т.б.) күрес жүргізу шараларының жиынтығы. Кеміргіштер – адам мен жануарларға қауіпті көптеген жұқпалы аурулардың (оба, туляремия, лептоспироз, сүзек және т.б.) табиғи тасымалдаушылары. Дератизация жұмыстары екі бағытта жүзеге асырылады.

Профилактикалық дератизация – кеміргіштердің пайда болуына жол бермеу, яғни аумақты таза ұстау, коқыс пен азық-түлік қалдықтарын уақытылы жою, ғимараттардың саңылауларын бітеу, азық-түлікті жабық ыдыста сақтау.

Жойғыш дератизация – улы заттар (ролентицидтер), тұзқатар мен механикалық құралдарды пайдалану арқылы кеміргіштерді тікелей жою.

Дезинсекция – жәндіктермен (шыбын, маса, бүрге, кенелер, таракан және т.б.) күрес жүргізу шаралары. Бұл зиянкестер де түрлі жұқпалы ауруларды (іш сүзегі, дизентерия, безгек, туляремия, бөртпе сүзек және т.б.) таратады.

Дезинсекциялық жұмыстардың негізгі түрлері.

Профилактикалық – жәндіктердің көбею орындарын жою, коқысты уақытылы шығару, судың тоқырауына жол бермеу;

Жойғыш – арнайы инсектицидтер мен физикалық әдістер (жарық тұзақтары, бу мен жоғары температура) арқылы жәндіктерді жою.

Елді мекендерде дератизация мен дезинсекция санитарлық-ағарту жұмыстарын жүйелі жүргізу – жұқпалы аурулардың алдын алудың, санитарлық жағдайды жақсартудың және халықтың өмір сапасын арттырудың маңызды бөлігі. Бұл бағыттағы жұмыстардың тиімділігі тұрғындардың да белсенді қатысуына байланысты.

Р.ШУКУРОВ,
Станция зоологі

Мансұр МАМАДАХУНОВ, Сейілбек Шаухаманов атындағы
№9 дарынды балаларға арналған облыстық
«Білім–инновация» лицей–интернаты оқушысы:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИДЕН ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ



– Осындай қиындықтарға қарамастан, сізді информатикаға алып келген не нәрсе?

– Лицейге түскенге дейін мен тек математика пәніне қызықтым. Информатика олимпиадаларының қаншалықты қызық екенін білмедім. Лицейге түскен соң бізді бағыттарға бөліп, мені информатикаға бөлді. Сол кезде алғаш рет олимпиадалық есептерді көрдім. Алғашында тек ең базалық нәрселерді – код жазу, синтаксис, қарапайым алгоритмдерді үйрендік. Уақыт өте келе күрделірек тақырыптарға өттік. Бір кезде өзімің бұл саланы жақсы көретінімді білдім. Сол сәттен бастап информатика мен үшін жай ғана оқу пәні емес, нағыз сүйікті салама айналды.

– Күнделікті өмірде дайындығыңыз қалай өтеді? Кестеніз өте тығыз сияқты.

– Көлімгі сабақтарым шамамен сағат 15:00-ге дейін жалғасады. Содан кейін 18:00-ге дейін олимпиадалық дайындықпен айналысамын. Кешкі астан кейін тағы бір-екі сағат есеп шығарамын немесе теория қайталаймын. Сонымен қатар түрлі оқу-жаттығу жиындарына, жазғы және қысқы лагерлерге барып тұрамын. Онда таннан кешке дейін тек олимпиадалық дайындық жүреді. Халықаралық олимпиадалардың аясында, мысалы IOI-ға дейін, бізде шамамен бір ай шамасында үш үлкен жиын болды: алдымен Москвада, кейін екі рет Астанада.

– Қазақстан құрамасына қалай іріктелдіңіз? Бұл да оңай емес сияқты...

– Иә, іріктеу де өте күрделі. Жәутиков халықаралық олимпиадасы мен республикалық олимпиаданың нәтижелері бойынша ең мықты 12 оқушы таңдалады. Сол 12 оқушы оқу-жаттығу жиындарына қатысады. Жиындарда бірнеше бақылау турлары, сынақтар болады. Соның қорытындысы бойынша төрт оқушы Қазақстан құрамасына өтеді. Сол төрттік кейін халықаралық олимпиадаға барады. Сондықтан әрбір кезеңде үздік болуға тырысу керек.

– Осындай табыстарға жеткізген негізгі факторлар қандай деп ойлайсыз? Ең пайдалы болған әдіс-тәсілдеріңіз?

– Ең бастысы, жүйелі еңбек. Олимпиадалық есептерді жаттап алу мүмкін емес, әр есеп – жаңалық. Сол үшін тек формуланы білу жеткіліксіз, мәселені түсініп, логикалық ойлау керек.

– Сізге кімдер шабыт береді?

– Нақты бір адамға ғана еліктейтін деп айта алмаймын. Мені негізінен мұғалімдерім, ұстаздарым және олимпиадаға қатысушылар шабыттандырды. Олар маған өте ақылды, мықты болып көрінетін. Сондай-ақ табысты адамдардың өмірбаянын, олардың қиындықты қалай жеңгенін оқығанды жақсы көремін. Олар жаңа идеялар ойлап тауып, әлемді өзгертті. Солар сияқты мен қоғамға пайдалы дүние жасағым келеді.

– Жасанды интеллект пен жалпы IT сала туралы сіздің өз көзқарасыңыз қызық. Болашағын қалай елестетесіз?

– IT саласы қазірдің өзінде технологиялық дамудың алдыңғы шебінде тұр. Жасанды интеллект ерекше қарқынмен дамып жатыр. Менің ойымша, бұл қорқатын емес, дұрыс қолдана білсек, керісінше, үлкен мүмкіндік беретін құрал. Бұрын бірнеше күн алатын жұмысты қазір жасанды интеллект бірнеше сағат, тіпті минут ішінде орындап береді. Өрине, ол адамның орнын бастайды, бірақ еңбегінің өнімділігін бірнеше есе арттыра алады. Алдағы 5-10 жылда жасанды интеллект түрлі салаларға – медицинаға, білімге, бизнеске, ғылымға тереңірек енетініне сенімдімін.

– Мектептегі ортаның жетістігіңізге әсері қаншалықты болды?

– Өте үлкен әсері болды. Біздің лицейде сабақтан кейін олимпиадалық үйірме өтеді. Онда өз ісіне берілген мықтылар бар. Біз бір-бірімізбен есепті талқылап, жарысып, бірге өсеміз. Ең бастысы, бізде өте жақсы бапкер болды. Ол 2-3 сағат бойы жаңа алгоритмдерді түсіндіріп, кейін сол тақырыптар бойынша емтихан, бақылау турларын өткізеді. Мектеп әкімшілігі де, мұғалімдер де бізді әрдайым қолдап отырады. Осындай ортада осы – үлкен мүмкіндік.

– Информатикаға қызығатын оқушыларға қандай кеңес бересіз?

– Ең әуелі математикаға көңіл бөлу керек дер едім. Өйткені алгоритмдерді түсіну, күрделі есептерді шешу математикамен тығыз байланысты. Екіншіден, қорықпай бастау керек. Бәрі бірден түсінікті болмайды, қате көп болады – бұл қалыпты нәрсе. Үшіншіден, процесстің өзінен ләззат алуды үйрену керек. Егер есеп шығарғанда уақыттың қалай өткенін байқамай қалсаңыз, демек, сіз өз саланыңызды таптыңыз. Ал ең бастысы, тоқтап қалмау. Күн сайын кішкене болса да алға қадам жасау маңызды.

– Болашақ жоспарыңыз туралы айтып өтесіз. Өзіңізге қандай мақсат қойдыңыз?

– Алдағы халықаралық олимпиадаларда, соның ішінде информатикадан өтетін жарыстарда одан да жоғары нәтижеге қол жеткізу. Бұйырса, информатикадан халықаралық олимпиадала алтын медаль алғым келеді. Одан кейін әлемнің үздік университеттерінің біріне түсіп, жасанды интеллект пен бағдарламалау саласында терең білім алуды жоспарлап жүрмін. Мақсатым – кәсіби маман ретінде қалыптасып, Қазақстанның дамуына өз үлесімді қосу. Білім, технология, ғылым сала-сында еліміздің атын әлемге танытқым келеді.

Басы 1-бетте



«Ақылды жәшіктің» пайдасы



«Innofest – 2025» инновациялық фестивалінің жүлдегері – Қызылорда қаласындағы Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 11-ші сынып оқушысы Диас Тасболат. Ол небәрі бір тәулік ішінде қоқысты автоматты түрде сұрыптайтын «ақылды жәшік» жасап, қазылар алқасының да, қатысушылардың да назарын өзіне аударды.

– Жөнімаз атанғанымды естігенде төбем көкке жеткендей болды. Бұған дейін іштей бірінші орын аламын деп сенгеніммен, марапаттау сәтінде біраз қобалжыдым. Әуелі басқа қатысушыларға смартфон, iPad, MacBook сияқты сыйлықтар беріліп жатты, ал менің атым әлі аталмады. «Әлде мен мүлде жүлдесіз қалдым ба?» деген ой келді. Ал негізгі жүлделерді соңына қалдырғанын кейін түсіндім. Соңында атымды атаған кезде еңбегімнің ақталғанын сезініп, қуандым, – дейді Диас Тасболат.

Диас бала кезінен IT мен экология тақырыбына қызығып келе жатқан жас зерттеуші. Бүгінде ол жаратылыстану-математика бағытында білім алып, информатика мен физикаға баса назар аударады. Экологиялық жобаларға қатысып, түрлі ғылыми байқауларда бақ сынауы да оған үлкен тәжірибе болды.

– 5-сыныптан бастап экологияны қорғау тақырыбында түрлі ғылыми жобаларға қатысып жүрмін. Сол арқылы қоқыстың қоршаған ортаға тигізетін зиянын, ал дұрыс сұрыптау арқылы оның басым бөлігін қайта өңдеуге болатынын терең түсіндім. Қалалардағы қоқыс полигондарының жай-күйі, көшедегі қалдықтар мені қатты ойландырды. Сол үшін жобамның тақырыбын қоқысты сұрыптауға арнауы жөн көрдім, – дейді жас өнертапқыш.

«Innofest – 2025» туралы ол алғаш рет өзіне осы жолда әрдайым бағыт-бағдар беріп жүрген жетекшісінен естіген. Диастың фестивалге қатысуына ғылыми жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Индира Шагирова ықпал еткен.

– Фестиваль туралы жетекшім Индира Шагирова апайымнан білдім. Апайым бұл фестивальдің форматын, 24 сағат ішінде идеядан жұмыс істейтін прототипке дейін жеткізу қажеттігін түсіндіріп, мені қатысуға ынталандырды. Мені шабыттандырған екі нәрсе болды. Біріншісі – тәжірибе жинап, еліміздің әр өңірінен келген білімді оқушылармен бірге бәсекеге түсу мүмкіндігі, екіншісі – грант пен ақшалай сыйлықтар. Дегенмен, мен үшін ең бастысы, өз идеямды нақты құрылғыға айналдыру еді, – дейді Диас.

Жөнімаз жоба – «Сұрыптаушы коқыс жәшігі». Қарапайым тілмен айтқанда, коқысты автоматты түрде ажыратып, тиісті бөлігіне жіберетін «ақылды жүйе». Жәшікке тасталған қалдықты жасанды интеллект пен сенсорлар таниды, содан кейін коқысты сұрыптайды.

– Қазір дүние жүзінде де, біздің елде де коқыс мәселесі өте өзекті. Пластик, қағаз, әйнек бәрі араласып, қайта өңдеу қиынға соғады. Жобамның мақсаты – осы процесті жеңілдету. Адам коқысты бір жерге тастайды, ал әрі қарайғы сұрыптау жұмысын жәшіктің өзі атқарады. Осы арқылы полигондарға жөнелтілетін аралас коқыс көлемін азайтып, қайта өңдеуге жарамды шикізатты көбірек бөліп алуға болады, – дейді Диас Тасболат.

Жобаны жасау барысында Диас бір ғана саламен шектеліп қалмай, бірнеше бағытты ұштастырған. Ол әрі бағдарламалауды, әрі электрониканы, әрі жасанды интеллектті қатар меңгеруге тырысқан.

– Бұл жобаға Arduino платформасын, Python бағдарламалау тілін және жасанды интеллект элементтерін қостым. Arduino арқылы моторлар мен сенсорларды басқарамын, ал Python көмегімен коқыстың түрін танытын модельді іске қостым. Түрлі сенсорлар қаппақтың ашылуын, жәшіктің толуын, қандай бөлікке бағыттау керекін анықтап отырады. Бір сөзбен айтқанда, бір жобаның ішінде hardware, software, ЖИ бар, – дейді ол.

Фестиваль алдындағы дайындық та бір күнмен шектелмеген. Диас айлар бойы идеяны пысықтап,

қажетті мәліметтер жинап, код нұсқаларын сынақтан өткізген. Ал жарыстың кезінде қатысушыларға бар болғаны 24 сағат берілген.

– «Innofest» аясында бізге 24 сағат ішінде дайын прототип жасап шығу міндеттелді. Бірақ мен үшін бұл жобаға дайындық бірнеше жыл бұрын басталды деуге болады. Экология тақырыбындағы алдыңғы жобаларым, жиналған тәжірибем осы идеяға келіп тоғысты. Соңғы айларда осы жобаға күніне 2-3 сағаттай уақыт бөліп жүрдім, ал фестиваль кезінде сол дайындықты бір тәулік ішінде толық прототипке айналдыруға тырыстым, – дейді жас өнертапқыш.

Өрине жоба жасау барысы оңай болған жоқ. Диас үшін ең үлкен техникалық кедергі – Arduino мен Python арасындағы байланыс, яғни екі түрлі ортадан дыбыс алмасуын дұрыс жолға қою еді.

– 24 сағат ішінде мен үшін ең қиын сәт – Arduino-ның Python-ға дыбыс беруін іске қосу болды. Бірнеше рет түрлі қосылу нұсқаларын, кодтарды тексердім, бәрін қайта-қайта қарап шықтым, бірақ біраз уақыт бойы нәтиже шықпай қойды. Әсіресе түнгі екілер шамасында қатты қиналдым. Шаршау бар, уақыт та өтіп жатыр, ал жүйе толық жұмыс істемейді. Сол кезде кеңет «қалай жалғау керек?» деген жаңа идея келді. Сол ойды жүзеге асырғаннан кейін ғана бәрі жұмыс істей бастады. Бұл мен үшін техникалық жағынан да, моральдық тұрғыдан да үлкен жеңіс болды, – дейді Диас Тасболат.

Ол жетістікке жетуде менторлардың, әсіресе жетекшінің ролі зор болғанын Диас атап өтті. Ұстазы Индира Шагирова оның назарын тек технологияға емес, мәселенің мәніне аударуға тырысқан.

– Жетекшім Индира апай әрдайым «Технология – құрал ғана, ең алдымен шешіп жатқан мәселенді түсіндіре біл» деп айтып отырады. Сол кеңестің арқасында мен жоба таныстырылымында тек техникалық бөлшектерге емес, экологиялық проблеманың өзіне, қоғамға әсеріне, біздің шешіміміз нақты пайдасына көбірек тоқталдым. Сондай-ақ менторлар «прототиптің мінсіз болуы шарт емес, бастысы, логикасы мен болашағы айқын болсын» деп, артық уайымнан арлыуыма көмектесті, – дейді ол.

Жеңіске жеткен жоба фестивальмен шектеліп қалмайды. Диастың жоспары – «Сұрыптаушы коқыс жәшігі» алдағы уақытта нағыз стартапқа айналдыру. Ол алдымен құрылғыны жетілдіріп, дизайн мен техникалық бөлігін оңтайландырғысы келеді.

– Өрине, бұл жобаны алдағы уақытта стартап деңгейіне шығарғым келеді. Ең алдымен, прототипті жетілдіріп, бағасын тиімді ету, мектептерде, кеңселерде, қоғамдық орындарда пилоттық түрде орнатып көру ойымда бар. Егер нәтижесі жақсы болса, оны тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де қолдануға мүмкіндік туады деп сенемін, – дейді Диас.

Жас өнертапқыш кәсіби болашағын да айқын елестете алады. Ол IT мен жасанды интеллект саласында терең білім алып, экология, білім беру, қала инфрақұрылымы сынды бағыттарда пайдалы жобалар жасауды армандайды.

– Алдағы 3-5 жылда өзімді IT және жасанды интеллект саласында көргім келеді. Мықты техникалық білім алып, өз стартаптарымды дамытуды, экология, қала инфрақұрылымы сияқты салаларда нақты шешім ұсынатын жобалар жасауды мақсат етемін. Болашақта жасанды интеллект пен «ақылды құрылғыларды» біріктіретін жобалармен айналысып, еліміздің цифрлануына және жасыл технологиялардың дамуына үлес қоссам деймін, – дейді ол.

Диас үшін «Innofest – 2025» фестивалі тек бір реттік жарыс емес, үлкен тәжірибе мектебі.

– Ең бастысы – қорықпау. Идеияңыз әлі толық дайын болмаса да қатысып көріңіз. Мұндай фестивальдерде жаңа достар тауып, идея алмасасыз, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Әр жоба Қазақстанның дамуына, әсіресе жасанды интеллект пен IT саласының өсуіне қосқан үлес деп санаймын. Сондықтан қатысқыңыздар, байқап көріңіздер, қателесуден қорықпаңыздар, – дейді жөнімаз.

Қызылордада биыл
«InnoFest – 2025» аймақтық
инновациялық фестивалі жоғары
деңгейде өтті. Облыстың әр түкпірінен жиналған
мектеп оқушылары мен студенттер өз жобаларын ұсынып, жаңа технологияларға негізделген тың идеялармен бөлісті. Сол
жобалардың ішінде Сырдария ауданынан келген жас бағдарламашының жұмысы ерекше көзге түсіп, фестивальдің бас
жүлдесін иеленді. №37 мектеп-лицейінің оқушысы, жас бағдарламашы Нұрислам Айбекұлы мобильді операциялық жүйе
жасады. Оның «Extrnos» атты жобасы қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, фестивальдің жеңімпазы атанды.

EXTRNOS — жас өнертапқыштың жаңалығы

Жөнімаз атану сәтін Нұрислам әлі күнге дейін ерекше сезіммен айтады. Оның айтуынша, қорытынды сәтке дейін өзіне сенімді болғанымен, жоба бірінші орын алады деп ойламаған.

– «InnoFest» фестивалінің жеңімпазы атанғанымды естіген сәтте өз құлағымға өзім сенбедім. Алдымен дұрыс естідім бе, жоқ па деп қайталап сұрадым. Бірнеше секундтан кейін ғана рас екенін түсініп, қатты қуандым. Себебі бұл жобаға көп уақыт, көп күш жұмсадым. Сол еңбектің босқа кетпегенін сезіну – мен үшін үлкен бақыт, – дейді Нұрислам Айбекұлы.

Нұрислам – техникаға, бағдарламалауға ерекше қызығатын жас. Сабақтан тыс уақытта да бос отырмай, информатика мен IT саласына қатысты материалдарды көп оқиды, түрлі онлайн курстар мен бейнесабақтарды қарайды.

– Мен Шаған ауылындағы №37 мектеп-лицейінде оқымын. Негізгі қызығушылығым – информатика, бағдарламалау, әсіресе операциялық жүйелердің қалай жұмыс істейтіні. Бос уақытым болса, жаңа технологиялар туралы мақалалар оқып, ашық дереккөздерге жобаларды зерттеймін, – дейді ол.

Бұл оның «InnoFest» фестиваліне бірінші рет қатысуы емес. Екі жыл бұрын Нұрислам жобасы мүлде басқа бағытта еді.

– Мен «InnoFest» туралы екі жыл бұрын білдім. Сол кезде «Python» тілінде жасаған шағын ойынымды ұсындым. Бірақ ол жылы жеңіске жете алмадым. Дегенмен сол жолы алған тәжірибе мені тоқтатпай, керісінше әрі қарай ынталандырды, – дейді Нұрислам.

Осылайша «Extrnos» атты ерекше жоба дүниеге келе бастады. Бұл жоба қазіргі смартфон қолданушылары үшін өте өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Нұрисламның айтуынша, операциялық жүйені жобалау барысында өнімділік пен қауіпсіздікке басты назар аударған.

– Менің жобамның атауы – «Extrnos». Бұл мобильді телефондарға арналған операциялық жүйе, мысалы Android немесе iOS сияқты. Оның негізінде Линус Торвальдс жасаған

«Linux» ядросы жатыр. «Extrnos»-тың негізгі мақсаты – құрылғының өнімділігін арттыру және қауіпсіздік деңгейін күшейту. Қарапайым тілмен айтқанда, жылдам, артық жүктемесі жоқ, пайдаланушы деректерін максималды қорғайтын жүйе жасағым келеді, – дейді ол.

Бұл идея Нұрисламның күнделікті өмірдегі ұсақ-түйек қолайсыздықтардан ғана емес, әлемдегі ерекше жобалардан алған шабытынан да туындаған. Әсіресе, өзіндік жол салған тәуелсіз әзірлеушілердің жұмысы оған қатты әсер еткен.

– Мен алғаш рет Терри А. Дэвистің «TempleOS» жобасын көрген кезде қатты қызықтым. Менің жүйем әлі бастапқы деңгейде, бірақ сол кісінің еңбегі маған үлкен мотивация болды. «Көңіл, қауіпсіз жүйе жасап көрсем қалай болады?» деген ойға алып келді, – дейді Нұрислам.

«Extrnos» – жай ғана идея емес, нақты техникалық негізі бар жоба. Нұрислам бұл жүйені құрастыру барысында заманауи архитектураларға лайық құралдарды қолданған. Соның арқасында ол тек теориямен шектелмей, нақты жұмыс істейтін прототип әзірлеген.

– Код жазу үшін aarch64 C компиляторларын қолдандым, өйткені қазіргі мобильді процессорлардың көбі ARM архитектурасына негізделген. Негізгі маған ортасы ретінде «Visual Studio Code» бағдарламасын пайдаландым. Соларды біртіндеп түсінген сайын, өзімнің де осы саланы таңдағанымға қуандым, – дейді ол.

Жобаны фестивальге дейін дайындау оңай болған жоқ. Бірнеше айға созылған жұмыс, күн сайынғы тәжірибелер, сәтті шыққан да, сәтсіз аяқталған да талай нұсқа бар. Нұрисламның айтуынша, соңғы кезеңдерде жоба оның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналған.

– Негізгі дайындық бірнеше айға созылды. Соңғы айларда күн сайын дерлік 3-4 сағатымды осы жобаға арнадым. Сабақ, үй тапсырмаларынан кейін қалған уақытымның бәрін жобамен жұмыс істеуге бөлдім, – дейді Нұрислам.



«InnoFest» форматында идеядан прототипке дейін бар болғаны 24 сағат беріледі. Бұл – қысқа уақыт ішінде жүйені жинақтап, оны дұрыс көрсетуің үлкен сынағы. Нұрислам осы кезеңде ең қатты қиналған сәті бутлоадер жасау болғанын айтады.

– Ең қиын жұмыс – бутлоадер жасау болды. Бутлоадер – операциялық жүйені бастапқыда жүктейтін, әрі қарай басқаруды әдірға беретін өте маңызды бөлік, – дейді ол.

Фестиваль барысында менторлар мен спикерлердің берген кеңестері де жобаның дамуына ықпал еткен.

– Иә, менторлар пайдалы кеңес берді. Кейбірі техникалық тұрғыда көмектесе, енді бірі жобаны дұрыс ұсыну, идеяны қарапайым тілмен түсіндіру жағын үйретті, – дейді ол.

Жоба болашағы туралы сөз болғанда, Нұрислам «Extrnos»-ты тек фестиваль үшін ғана жасалған бір реттік жұмыс ретінде емес, болашағы зор жоба деп қарайды. Нұрислам өзін бірнеше жылдан кейін қай салада көретінін нақты елестете алады. Оның арманы – кәсіби деңгейде жүйелік бағдарламалаумен айналысу. Жас бағдарламашының өзінен кейінгі жастарға да кеңесі бар. Оның айтуынша, мұндай фестивальдерге қатысқанда ең бастысы, жүлде емес, сол жолда алынған тәжірибе мен таныстық.

– Ең бастысы – үйрену, жаңа достар табу. Мен алғаш рет қатысқанда жеңіске жеткен жоқпын, бірақ сол тәжірибе бүгінгі жетістікке жол ашты. Егер күмәнданып, «қабылдамай қоятын шығар, менікі әлсіз шығар» деп өз-өзіңді тоқтатсаң, ешқашан үйренбейсің. Сондықтан қателесуден ұялмай, мүмкіндікті пайдалану керек. Фестивальдер – өз идеяңды сынап көруге, менторлардан кеңес алуға, өзін сияқты талапты жастармен танысуға тамаша мүмкіндік, – дейді ол.

Ауыл баласының республика деңгейіндегі инновациялық фестивальде топ жарған Нұрислам талай жасөспірімге үлгі боларлық оқушы. Ең бастысы, табандылық, қызығушылық және үздіксіз еңбектің арқасында үлкен қалада емес, алыс ауылда жүріп-ақ үлкен мақсаттарға ұмтылуға болатынын Нұрислам өз білімімен дәлелдеп келеді.

Бетті дайындаған **София ХАЙРУЛЛА**

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификаттанды.
Аттасына 2 рет, сәйкесімі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қонақтарымен сәйкес келі бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі, ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 3978 Тастырыс №1960

Номердің кезекші редакторы Думан КЕЧІШПҚ